

№13 КОЛЛЕДЖ МКҚК –НЫҢ 2022-2023 ЖЫЛЫНДАҒЫ

ІШКІ ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

Абай ауылы

24.07.2023ж.

1. Нормативтік құқықтық база

№13 колледж МКҚК өз қызметінде келесі нормативтік – құқықтық актілерді басшылыққа алады.

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы,
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына,
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а.2021 жылғы 21 шілде №354 бұйрығы;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 2022 жыл және 2023 жылдың өткен мерзімі кезеңінде өткізіледі.

№ 13 колледж МКҚК-нің 2023 жылдың 12 маусымдағы № 30 бұйрығымен жұмыс тобы құрылып, 2022 жылдың қаңтар айы мен 2023 жылдың маусым айының аралығын қамтыды.

1. Абубакирова Жанаргул Абдыкаримовна кадр бөлім меңгерушісі
2. Мамытбеков Қаныбек Сайдақбарұлы бас есепші
3. Тиллабекова Мухабат Балабековна кәсіподақ ұйымының төрайымы
4. Шынаев Нуржигит Нурмағанбетович дир. тәрбие ісі жөн. орын.
5. Оразимбетов Сакен Есбердиевич оқу бөлім меңгерушісі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кестеге сәйкес 2023 жылдың 23 маусымы мен 07 тамыз аралығында жүргізілді.

1. Білім беру, оқу бөлімі бойынша:

2022-2023 оқу жылының I және II семестрде колледж студенттері штаттық форматта оқыды. Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілді. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары колледждің индустриальды кеңесінде талқыланып, мақұлданды және колледж директорымен бекітіліп «Талап» КЕАҚ мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларының реестріне енгізілді. Жаңа оқу жылында 170 білім алушы қабылданып, 7 оқу тобы жинақталғанын және оқу үрдісі бір ауысымда жүргізілді.

Сабақтар бір ауысымда өтті. Сабақ кестесі мен қонырау кестелері қаралып колледж директорымен бекітілді. Оқу жұмысының барлық түрлерінің оқу сабақтары үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минуттық академиялық сағат белгіленген. Бір жұптық сабақтың ұзақтығы 2 академиялық сағатты яғни 90 минутты құрайды. Бір жұптық сабақтан кейін 10 минут және білім алушылардың тамақтануы және белсенді демалуы үшін 2 жұп сабақтан кейін ұзақтығы 30 минут үзіліс қарастырылған.

Жұмыс оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сағаттар кестесі, оқытушылардың жылдық жүктемелері 31.08.2022 жылғы педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген 48 сағат осы модульдің «Информатика» пәніне 24 сағат, «Қазақ әдебиеті» пәніне 24 сағат көлемінде бөлінді.

Қосымша және факультативтік сабақтар студенттердің сұранысы бойынша айқындалды. Оқу жылының басында колледждің әдістемелік кеңесінде қаралып, білім алушылардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріліп кестеге сәйкес бекітілген жоспар толық орындалды.

Студенттердің міндетті оқыту сабақтарының апталық жүктемесі 36 сағаттан кем емес. Штаттық кестеге сәйкес инженер – педагог мамандардың саны – 48. Орташа педагогикалық жүктемелері – 745,8 сағат.

Білім алушылардың сабаққа қатысымын және білімін бағалау:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жүргізілді. Бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

- оқытушыға оқу жетістіктерінің әр деңгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;

- жаңа шешімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (креативті құзыреттілікті) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;

- оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әсер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Оқыту нәтижелері теориялық білімдерді, практикалық дағдыларды, дербестік пен жауапкершілік дәрежесін сипаттау арқылы, біліктілік деңгейін анықтау бойынша жалпы ұсыныстар ретінде беріледі. Оқу жұмыс бағдарламалар модульдік-кредиттік технологиясы негізінде жасалынған. Бір кредит 24 сағатты құрайды.

Емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:

Кәсіптік модульдің нәтижесі бойынша аралық емтихандар қарастырылған. Қорытынды аттестаттау модульдер бойынша кешенді емтихан және демонстрациялық емтихан түрінде, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығына 2 қосымша негізінде жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде аралық аттестаттаудың емтихан ведомостары рәсімделген. Сараланған бағамен өткізілетін бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын пәндер немесе модульдер бойынша жүргізілген.

Аралық және қорытынды емтихан алу түрлері педагогикалық кенесте бекітілген.

Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып, оқу бөлімімен бекітіледі. Емтихан кезінде білім алушылардың білімін бағалау дәстүрлі және балдық жүйе бойынша жүзеге асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған.

Колледжде білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылған. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы жұмыс берушілер өкілдерінен 60% -дан кем емес және білім беру ұйымы өкілдерінен 40% - дан артық емес арақатынаста құрылған.

2 . Басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметті зерделеу кезінде келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізілді:

№13 колледж МКҚК-ның 2023 жылға бекітілген 98,21 бірліктегі штат кестесіне сәйкес, жұмыскер жұмыс жасайды. Оның ішінде 48 инженер-педагог кадрлар, 50 тұрмыстық және әкімшілік шаруашылық жөніндегі персонал. Бүгінгі таңға бос жұмыс орындары 1,0 бірлікте ғимарат еден жуушы, 0,1 бірлікте асхана еден жуушы, 0,1 бірлікте жатақхана еден жуушысы.

Біліктілік талаптары бойынша:

Педагог кадрлардың сапалық құрамы:

2022-2023 оқу жылы бойынша 48 инженер-педагогтардың біліктілік санаттары:

Жоғары – 13

Бірінші – 2

Екінші – 5

Санаты жоқ – 15

Педагог зерттеуші – жоқ

Педагог сарапшы – 3

Педагог модератор – 9

Магистр - 1

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдарына орналасу, бос жұмыс орындарын жариялау Келес аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығы, Электрондық биржа арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші жарты жылдықта жұмысқа қабылданған қызметкерлердің барлығы 2 адамды құрайды олар 1 экономист, 1 бағбан. Жұмыстан босатылғандар саны 2 адам оның ішінде: бала күтімі демалысында отырған 4 арнайы пән оқытушысы басқа қалаға көшуіне байланысты және 2 оқытушы, 1 оқу бөлім хатшысы басқа жерге жұмысқа ауысуына байланысты өз өтініші бойынша, 1 оқытушы, 1 өндірістік оқыту шебері қысқартылған, 1 директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары штаты қысқартылды, зейнет жасына жеткен 2 арнайы пән оқытушысы, өз өтініші бойынша 1 аула сыпырушы жұмыстан босатылған. Босатылған бос орындар

жайлы еңбек. kz порталы арқылы электрондық келісім шарттары тоқтатылып бос жұмыс орындары жарияланған.

3. Қаржы – шаруашылық қызметті және ыстық тамақпен қамтамасыз ету зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізіледі:

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалған.

- 2023 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 753024015 бағдарламасы бойынша 399305,0 мың теңге; бөлінген және жыл есебі бойынша 70 % қаржы игерілді.

инвентаризациялық тізімдер бойынша:

-Мекеме ішінде 2022 жылдың 04 қазанда №42 бұйрық негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізілді.

Жұмыс уақыты парағы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілген.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының мемлекеттік сатып алуды конкурсының қорытындысы бойынша 2023 жылғы 16 қаңтардағы №1 хаттамасының негізінде тауарларды жеткізу туралы келісім шарт жасалды. 1 адамға шаққандағы тамақтану нормасы күніне 657 теңге 47 тиын құрайды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда практикада жүрген студенттерге тамақтану қаражаты банк картасына төленіп отырады.

Студенттерге шәкіртақы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысына сәйкес, аралық емтихан сессиясының нәтижелері бойынша "өте жақсы"-25055 теңге, "жақсы" - 21787 теңге төленеді. Жетімдерге-28323 теңге шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы бұйрықпен, жеке банк картасына ақша аудару жолымен төленеді.

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

1.Кәсіпорынның "АКФ KZ" ЖШС-мен түзілген №080340022243/230017/00 2023-07-11 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 114 957 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді*), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында (*көрсетілген өзге*

де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабының және 4-бапқа сәйкес алдағы уақытта бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

2.Кәсіпорынның ИП «Илесбеков» - пен түзілген 080340022243/220013/00 2022-05-12 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 350 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.*

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабының және 4-бапқа сәйкес алдағы уақытта бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

3.Кәсіпорынның "ProCommunity Astana Orleu" ЖШС- мен түзілген 080340022243/220005/00 2022-02-24 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 60 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.*

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабының және 4-бапқа сәйкес алдағы уақытта бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

4.Кәсіпорынның "Учебный центр "Сфера" ЖШС- мен түзілген 080340022243/220004/00 2022-03-01 келісім шартының «Шартты тікелей

жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 250 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді*), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында (*көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады*) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабының және 4-бапқа сәйкес алдағы уақытта бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

4. Әлеуметтік-тәрбие қызметін зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізілді:

-Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V заңына сәйкес №13 колледжде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жұмыс жоспары колледж директорымен бекітілді. Колледж 1 қабатында сенім жәшігі қойылған. Колледж кіре берісінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бойынша департаменті 1424 ССАЛ-орталығының және оқу орнының Сенім телефон номерін, басқа да мобильдік топтардың сенім сымтетіктері көрсетілген.

Колледжде 2022-2023 оқу жылында жетім балдар жоқ екені анықталды.

Студенттердің, оқытушылардың әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері туралы:

- Білім алушылардан «Таза сессия», «Білім алушының көзқарасы», оқытушылар және қызметкерлерден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, ұжымдағы моралдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеу мақсатында жасырын сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық дәлелдері мен дәйектері кездеспеді.

Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі:

- Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі бекітілген, сондай-ақ, кәсіподақ жұмыс жасайды.

Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының ережесі:

-Студенттердің «Жас сарбаз» әскери патриоттық клубы құрылған. Жетекшісі Бабаев Дартай ағай 22 білім алушыны қамтыған клуб жоспарға сай атқарылған іс-шаралары колледждің әлеуметтік желісіне жарияланып отырды.

- Студенттердің «Жас қанат» өзін-өзі басқару ұйымының жоспары бекітілген, ұйым мүшелері сайланған. Жоспарға сәйкес атқарылған іс - шаралары колледждің әлеуметтік желілеріне жарияланып отырған.

«Саналы ұрпақ» студенттер клубы туралы ереже, жұмыс жоспары, жүргізілген іс-шаралар туралы есептер:

-«Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі жастар ісі жөніндегі инспектор Е. Мамбетов және 30 білім алушы мүшелері бар, жұмыс жоспары бекітілген.

Жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде орналастырылып отыр.

Мекеме веб-сайтының контенты:

-Әлеуметтік желідегі сілтемелер:

сайт: <https://www.keleskolledj.edu.kz/>

фейзбук: <https://www.facebook.com/abaikolledj.kelesaydany/>


инстаграмм: <https://www.instagram.com/abaikolledj/?hl=ru>

Ютуб:

https://www.youtube.com/channel/UCys5NTMM_DUHX6NjhMVwojw/featured

электронды пошта: lisei_13@mail.ru

Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.

Жұмыс тобының төрайымы:  Абубакирова Жанаргул
Абдыкаримовна

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас есепші  Мамытбеков Қаныбек

Сайдақбарұлы

Кәсіподақ ұйымының төрайымы  Тиллабекова Мухабат

Балабековна

дир.тәрбие ісі жөн.орын.  Шынаев Нуржигит

Нурмаганбетович

Хатшы:

Оқу бөлім меңгерушісі  Оразимбетов Сакен Есбердиевич